

Халық денсаулығы – еліміздің өркендеуінің негізі

Қазақстандықтардың денсаулығын сақтау және нығайту мемлекеттің басты басымдығы болып табылады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қоғамның үйлесімді дамуы ұлт денсаулығы қамтамасыз етілгенде ғана мүмкін болатынын атап өткен еді.

Өткен аптаның бейсенбесінде Бұланды жеріне «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы келіп жетіп, екі күн бойы жергілікті халық медициналық, құқықтық, психологиялық көмек алуға мүмкіндік алды. Жалпы, еліміздің түпкір-түпкіріне жеткен темір жол үстіндегі аурухана - халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын қолдауға бағытталған бірегей әлеуметтік жоба. Айта кетсек, «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 2024 жылдың 1 мамырынан бастап еліміздің ең үздік дәрігерлері, медиаторлары, психологтары және заңгерлерінің қатысуымен өз

жұмысын бастаған еді. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен өтуде. Бір қуантарлығы, аудан тұрғындары кешенді медициналық тексеруден өтіп, тексерілуге жолдамалар, емделу бойынша ұсыныстар, мамандандырылған консультациялар, диагностикалық қызметтер мен емдік шараларды өткізуге мүмкіндік алады.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы заманауи диагностикалық және медициналық жабдықтармен (УЗИ, флюорография және т.б.), шағын операциялық бөлмемен, зертханамен, интернетке сымсыз қосылуға арналған байланыс құралдарымен жабдықталған. Медициналық пойыздар шалғайдағы станцияның тұрғындарына медициналық емхана, аурухана, кабинеттер жоқ, жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік жоқ жерде медициналық көмек көрсетіледі.

Бұл жобада кез келген азамат барлық мәселелерге қатысты құқықтық, психологиялық және медиативтік ең үздік кәсіби заңгерлерден, психологтардан, медиаторлардан тегін және толық көлемде қажетті көмек пен кеңес ала алады.

Оның ішіндегі азаматтық жер, тұрғын үй, еңбек, банк, салық, отбасы-неке және басқа да көптеген мәселелер бойынша кеңестер көрсетілді.

Бұландылықтар атынан барша пойыз ұжымына, әсіресе құрметті медицина қызметкерлеріне еңбектері мен ілтипаты үшін алғыс айту мақсатында пойыздың қарсы алу рәсіміне аудан әкімі Ардақ Смайылов қатысты. Аудан басшысы әлеуметтік маңызы зор жобаға қолдау сөздерін жолдап, аудан тұрғындары үшін дәстүрге айналғанын, сапалы медициналық көмек алу үшін ақ халатты абзал мамандардың келуін асыға күтетінін жеткізді. Ардақ Дулатұлы барша пойыз ұжымына зор денсаулық, отбасылық амандық, темір жолдағы емханаға сәтті сапар және емделушілерден алғыс алуды тіледі. Пойыз ұжымын қарсу алу шарасына аудандық мәслихаттың төрағасы Нұрбек Сексенов, аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Исмағамбетова, аудандық аурухананың бас дәрігері Жанат Мусин қатысты.

Пойыз құрамында 40 маман – медицина қызметкерлері, медиаторлар мен заңгерлер бар. Дәрігерлік құрамда терапевт, хирург, педиатр, психолог, невропатолог, ультрадыбыстық диагностика маманы, жалпы тәжірибелік

дәрігер, рентгенолог, кардиолог, стоматолог, офтальмолог, отоларинголог, педиатр, онколог-маммолог, гинеколог және уролог мамандары бар. Қажет болған жағдайда мамандар шағын операциялар жүргізіп, жоспарлы емдеуге жолдама береді.

Пойыздағы тәжірибелі заңгер, медиатор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі Қымбат Аманбайқызы Түреновамен сұхбат барысында қазіргі таңда ел ішінде заңға қатысты қандай мәселелер туындайтыны туралы талқылады. Маманның айтуынша, мәселелердің басым көпшілігі алаяқтық фактілермен байланысты екен. Нақтырақ айтқанда, телефон арқылы тауар сатып алу, шағын несие рәсімдеу сияқты істердің арты көбісіне қарапайым халықтың алаяқтарға жем болуымен аяқталатыны өкінішті. Нәтижесінде тауарын ала алмай, ақшасынан айырылып қалған азаматтар сотқа жүгінейін десе заң талаптарын да нақты білмейді. Сондықтан, осындай алданып қалған тұрғындарға құқықтық көмек көрсету өте маңызды, әсіресе, дауларды медиация, яғни, сотқа дейін өзара шешу практикасы кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, отбасылық мәселелермен (ажырасу, мүлкікті бөлу, алимент рәсімдеу), қаржылық компаниялармен даулар (микрорекредит алғандар арасында). Заң саласында көп жылдар бойы еңбек етіп келген маманның алдына келген әрбір азамат тиісті кеңесің алып, әрі қарай қайда жүгінуге, қандай құжаттар дайындау сияқты нақты алгоритммен таныс болады. Қымбат Аманбайқызы дау-жанжалды медиация арқылы шешуді ең тиімді жол деп санайты-



нын жеткізді. Себебі, азаматтардың да, заңды тұлғалардың да медиацияны белсенді қолдана отырып, сот жүйесіне жүктемені едәуір азайтуға, сол арқылы ең үлкен істерді шешу сапасын арттыруға болады. Сот - бұл қоғамдық процесс, ал медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді, бұл медиаторға оны берген тараптың келісімінсіз процесс барысында белгілі болған мәліметтерді жария етуге мүмкіндік бермейді. Бір сөзбен айтқанда, медиация – бұл өркениетті заманның ағымына сай татуласудың негізгі формасы.

* * *

Главное достояние и основа благополучия

Жизнь и здоровье людей - это основа процветания страны и залог благополучия населения. Поэтому сохранение и укрепление здоровья казахстанцев - ключевой приоритет государства. В своем Послании Президент страны Касым-Жомарт Тоқаев отмечает, что гармоничное развитие общества возможно только при условии обеспечения здоровья нации.

Продолжение на 2 стр.



БІЛІМ САПАСЫ – СФЕРА ОБРАЗОВАНИЯ

Білім ошақтары жаңа оқу жылына дайын ба?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Үкімет басшысы оқу жылы басталғанға дейін, физика, химия, биология, роботтехника бойынша мыңға жуық пәндік кабинет сатып алуға қатысты тапсырма берді.

Оқушы қауіпсіздігі – басты назарда Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атқарылып жатқан жұмыс туралы, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов білім беру нысандарындағы қауіпсіздіктің ағымдағы жағдайы жөнінде баяндады. Сондай-ақ отырыста бірқатар жеке-леген өңір әкімдері жаңа оқу жылына әзірлік туралы ақпарат берді.

Алдағы қыркүйек айында 3,9 млн оқушы мектепке барады. Оның 360 мыңға жуығы – бірінші сынып оқушылары. Осы жылғы білім күніне қарай елімізде 61 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Жалпы, 2024 жылға арналған жоспарға сәйкес, биыл 536 мың оқушыға арналған 302 жаңа мектептің есігі ашылады.

Үкімет басшысы білім беру инфрақұрылымының және бүкіл оқу үдерісінің жаңа оқу жылына толық әзірлігін қамтамасыз етудің маңызды екенін назар аударды. Пайдалануға берілгеннен кейін мектептерді бала қабылдауға дайындау үшін де үлкен жұмыс атқарылатынын атап өтті. Ғимаратқа, оқу кабинетіне, асханаға қойылатын барлық қауіпсіздік шарттарын, санитарлық-эпидемиялық және өртке қарсы талапты орындау қажет.

Премьер-министр мектептерді жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етіп, пәндік кабинеттерді, зертханалар мен спорт залдарды жабдықтауды тапсырды. Бұл тек «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына емес, барлық білім беру нысандарына қатысты қойылып отырған талап екенін ескертті.

Сөйтіп, бірқатар өңірде кейбір оқу орындарының дайындығы алаңдаушылық туғызып отырғанын алға тартты. Мәселен, жаңа оқу жылына дейін үлгермей қалу қаупі бар жоғары білім ошақтарының жетеуі Ақтөбе облысында орналасқан.

«Құрылыс жұмыстары негізсіз созылып кетті. Осы бағытта барлық күш-жігерді біріктіріп, нысандардың

белгіленген мерзімде тапсырылуын қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ тамыз айында күрделі жөндеу жұмыстарының барлығы аяқталуға тиіс. Алайда 18 мектепте жоспарланған жұмыстардың 30%-ы ғана орындалған. Бұл Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарына қатысты. Бұл өңірлер шұғыл шаралар қабылдасқа болмайды. Балалар таза әрі ыңғайлы кабинеттерде білім алуы үшін оқу үдерісі басталғанға дейін жөндеу жұмыстарын аяқтаңыздар. Сонымен қатар оқу жылы басталғанша, физика, химия, биология, роботтехника бойынша мыңға жуық пәндік кабинет сатып алынуы керек. Өңір әкімдіктері Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, барлық мектепте заманауи пәндік кабинеттер ашу үшін кешенді жаңғырту жұмыстарын уақтылы қамтамасыз етуі ләзім. Бұл жұмысқа салғырт қарауға болмайды», деді О.Бектенов.

Үкімет отырысында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесі де жан-жақты талқыланды. Биыл ІІМ тарапынан 2 655 нысан тыңғылықты тексеруден өткен. Нәтижесінде, мыңнан астам бұзушылық анықталды. Құқық қорғау органдары арқылы 95 млн теңгеге айыппұл салынып, білім саласындағы 340 басшы жауапкершілікке тартылды. Бүгінде көптеген білім беру ұйымы бейнебақылаумен 100% жабдықталған. Алайда жеке құрылым камераларының тек 55%-ы ғана «Жедел басқару орталығына» шығарылған. Бұл іс бойынша ең нашар жағдай Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында қалыптасып отыр.

Жеке нысандардың 85%-ы дабыл түймелерімен қамтамасыз етілген. Шығыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары дабыл түймелерімен ең аз қамтылған аймақтар қатарында. Адам саны 700-ден асатын білім беру нысандары радиобайланыс құралдары, қызметтік қару, жедел мобильді топтары бар лицензияланған күзет ұйымдарын тартуға тиіс. Алайда Ішкі істер министрі атап өткендей, жеке-леген нысандарда күзетшінің көбі – қарапайым вахтер мен зейнеткерлер.

«Өңір әкімдері білім беру ұйымдарын лицензияланған күзетпен, турникетпен, жедел басқару орталығына қосылған камералармен жабдықтауы қажет. Ішкі істер министрлігі осы бағытта тексеруді жалғастырсын. 1 қыркүйекке қарай қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау үлесін 90%-ға дейін қамтамасыз етіп, жыл соңына дейін 100%-ға

жеткізу керек», деген О.Бектенов вице-премьер Тамара Дүйсеноваға әкімдіктер жүргізіп жатқан жұмысты жеке бақылауына алуын тапсырды.

1,7 млн оқушы тегін тамақтанады Отырыс барысында Премьер-министр балаларды 1-сыныпқа қабылдау үдерісін дұрыс ұйымдастыру және мемлекеттік қолдауға мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне назар аударды. Оған қоса, бірқатар өңір әкіміне тамақтану сапасын және санитарлық-эпидемиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Жаңа оқу жылында 360 мың оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттағалы тұр. Үкімет басшысы оларды қабылдау үдерісінің белсенді жүріп жатқанын, оны дұрыс ұйымдастыру қажет екенін айтты. Сонымен қатар бұрын балабақшаға бармаған болашақ оқушыларға көбірек көңіл бөлген жөн. Ол үшін мектепке дейінгі мекемелердегі консультациялық пункттердің қызметін жандандырған дұрыс.


«Жаңа оқу жылы қарсаңында мемлекеттік қолдауға мұқтаж балаларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс. Биыл 500 мыңнан аса бала үшін 22 млрд теңгеден асатын бюджет қаражаты көзделген. Әкімдіктер мектеп формасы мен керек-жарақтарды сатып алу үшін қаражаттың ата-аналарға уақтылы жіберілуін қамтамасыз етсін», деді О.Бектенов.

Сондай-ақ 1 қыркүйектен бастап 1,7 млн бастауыш сынып оқушысы мен әлеуметтік осал санаттағы балалар тегін тамақпен қамтылатынын айтты. Мектептерде тегін тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында әкімдіктер қажетті қаражат бөлді.

Атырау, Түркістан, Жамбыл облыстарының бірқатар мектебінде асхана жоқ. Үкімет басшысы осы өңір әкімдіктеріне тамақтану сапасын және санитарлық-эпидемиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін ерекше бақылауға алуды тапсырды. Оқу-ағарту министріне барлық мектептің оқулықпен толық қамтамасыз етілуін бақылауда ұстауды міндеттеді.

Жайлы мектептерде «негізгі стандарт» болуға тиіс

Үкімет басшысы мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының жұмысын жаңа бәсекелестік деңгейге шығаруды тапсырды. Өйткені еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуы көбіне ескеден ұрпақтың білім деңгейі



мен бойындағы құндылықтарына байланысты екенін атап айтты.

«Әртүрлі салада балалардың ізденіс, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын анықтау, білім берудің барлық деңгейінде олардың қабілетін барынша дамыту маңызды. Мектеп пен колледждердің және жоғары оқу орындары базасында студенттер мен оқытушылардың жетекшілігімен оқушылар өздерінің болашақ инженерлік идеяларын жүзеге асыра алатын, әртүрлі бұйым мен бөлшектерді құрастыруды және дайындауды үйренетін жалпыға бірдей қолжетімді үйірмелер, техникалық шығармашылық орталықтарын құру керек. Білім берудің барлық сатысында сапа бойынша жаңа талаптар белгіленуі қажет. Орта білім саласында жайлы мектептер дамуға ықпал ететін «негізгі стандарт» болуға тиіс. Басқа мектептерді олардың деңгейіне бейімдеп, реновациялаған абзал. Ал жоғары білім беруге келетін болсақ, ұлттық жоғары оқу орындарымыз бен жетекші шетелдік университеттердің филиалдары бағыт беріп отыруға тиіс», деген Премьер-министр, Ғылым және жоғары білім министрлігіне жұмыс нәтижесіне орай филиалдарға

қойылатын талаптарды әзірлеуді тапсырды.

Тиісті сараптамалық кеңес құрудың және барлық университеттерге қойылатын талаптарды олардың әлемдік стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан қайта қараудың маңызын атап көрсетті. Жоғары оқу орындары кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеу керек. Ал студенттік, магистрлік жұмыстардың ел экономикасы үшін нақты нәтижесі болуға тиіс. Қойылған міндеттерді іске асыруға бейінді министрліктер ғылым мен технологияларды кеңінен танымал ету жөніндегі кешенді жоспарды қабылдауы қажет.

Үкімет басшысы жаңа оқу жылы қарсаңында жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесіне де назар аударды. Сырттан келген бірде-бір студент баспанасыз қалмауы керек екенін айтты.

«Өңір әкімдері, Оқу-ағарту және Жоғары білім министрлері айтылған мәселелерді жеке бақылауға алсын. Барлық білім беру нысандары оқу жылының басталуына 100% дайын болуға тиіс», деп қорытындылады Үкімет басшысы.

egemen.kz

Главное достояние и основа благополучия

Продолжение. Начало на 1 стр.

В минувший четверг на буландынскую землю прибыл медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» и работал два дня. Это уникальный социальный проект, ориентированный на поддержку социально-уязвимых категорий населения и важно, что Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте оказывает всестороннюю поддержку проекту. Отрадно, что жители района получили возможность пройти комплексные медицинские осмотры, получить путевки на обследование, рекомендации по лечению, специализированные консультации, диагностические услуги и лечебные мероприятия.

От лица буландынцев выразил благодарность всему составу поезда, в особенности уважаемым медицинским работникам за труд и внимание аким района Ардак Смаилов, присутствовавший на встрече поезда. Глава района отметил, что это реальная и востребованная помощь жителям, которые по традиции ждут прибытия высококвалифицированных специалистов в белых халатах, чтобы получить качественную медицинскую помощь. Ардак Дулатович пожелал всем присутствующим крепкого здоровья, семейного благополучия, успешного пути больницы на колесях

и благодарных пациентов. На встрече поезда также присутствовали председатель районного маслихата Нурбек Секенов, заместитель акима района Кенжебике Исмагамбетова, главный врач районной больницы Жанат Мусин.

Попригветствовали буландынцев юрист, медиатор, член Нацкомиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК Кымбат Аманбаевна Туренова и врач-оториноларинголог Ерлан Алекович. Было отмечено, что с 2013 года «Траст Самрук-Казына» и Фонд социальных проектов АО «Казахстан темир - жолы» совместно с Министерством здравоохранения РК реализуют масштабный социальный проект под названием «Здоровый Казахстан», в рамках которой жители отдаленной станции получают квалифицированных специалистов основных медицинских специальностей.

Также в рамках проекта проводятся бесплатные консультации по вопросам защиты прав граждан на получение государственной социальной поддержки, назначения пенсий, пособий, социальных выплат и адресной социальной помощи. Кроме того, жители отдаленных регионов получают бесплатную медитивную и юридическую помощь.

Маршрут медицинского поезда охватывает те регионы, в которых отсутствуют врачи узкой специализации. Жители получили возможность пройти бесплатное обследование и лечение у квалифицированных специалистов: терапевта, кардиолога, стоматолога, офтальмолога, оториноларинголога (лор), хирурга, уролога, невропатолога, педиатра и других. Поезд оснащён современным диагностическим и лечебным оборудованием, УЗИ, флюорографическим аппаратом, мини-операционной, лабораторией, средствами связи для беспроводного доступа к Интернету.

Положительным аспектом медицинского поезда является то, что все мероприятия проводятся на бесплатной основе: приемы, осмотры, сдача анализов, прохождение обследования на медицинских аппаратах и многое другое. Ведь не секрет, что многие люди откладывают визит к врачу, юристу или психологу в связи с отсутствием финансовой возможности. У многих нет денег, чтобы поехать в другие города, чтобы побывать на приеме у узких специалистов. Следует также отметить, что обследование на современном медицинском оборудовании эффективно для раннего выявления хронических заболеваний,

проверки состояния здоровья, профилактики заболеваний.

В ходе беседы с Кымбат Аманбаевной Туреновой - опытным юристом, медиатором, членом Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК, обсудили, с какими вопросами зачастую обращаются жители к юристам. По словам эксперта, большая часть проблем связана с мошенничеством, которое распространено в последнее время. Если быть точнее, например, рядовые граждане становятся жертвами мошенников, заказывая товары по телефону через социальные страницы или сайты, при оформлении небольшого кредита. В результате люди, товар не получают, а деньги теряют, а чтобы обратиться в компетентные органы не знают с чего начать ввиду недостаточных знаний Закона. Поэтому очень важно оказать юридическую помощь таким обманутым гражданам, разъяснить законодательные нормы. Особенно широко используется практика медиации, т.е. взаимного урегулирования споров, не доводя дело до суда. Часто обращаются также граждане по семейным (развод, раздел имущества, алименты), финансовым (среди получате-

лей микрокредитов). Каждый гражданин, пришедший к специалисту, как отметила Кымбат Аманбаевна, получает соответствующую консультацию и ему доводится точный алгоритм дальнейших действий: например, куда обращаться дальше и какие документы готовить. Юрист считает, что наиболее эффективным способом разрешения спора является медиация. Это связано с тем, что при активном использовании медиации как гражданами, так и юридическими лицами можно существенно снизить нагрузку на судебную систему, тем самым, повысив качество решения наиболее крупных дел. Суд является публичным процессом, а медиация обеспечивает конфиденциальность, что не позволяет медиатору разглашать информацию, полученную в ходе процесса, без согласия стороны, ее представившей. Одним словом, медиация является эффективной формой примирения в цивилизованном обществе.

Медицинский поезд начал свой маршрут в мае текущего года. За это время, несомненно, будет оказана различная помощь сотням тысяч людей, в том числе и детям.

А. АМАНЖОЛОВА.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

В ожидании богатого урожая

Буландынский район аграрный, и поэтому к важным полевым мероприятиям, несомненно, привлекается внимание главы района А. Смаилова и главного государственного куратора сельхозформирований района – руководителя районного отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамата Кабдулова.

Все мы понимаем, что хлеб – богатство всей страны, гарантия его продовольственной безопасности. Недаром хлеб мы называем одним древнейших продуктов на земле, уважительно относимся к каждому куску ароматной буханки, и подрастающее поколение воспитываем уважать и почитать хлеб. Говоря на тему модернизации агропромышленного комплекса страны, следует отметить, что аграрии района с каждым годом повышают культуру земледелия, применяя на практике эффективные технологии возделывания зерновых культур, способствующие росту плодородия пашни, используют высокопроизводительную сельскохозяйственную технику. Одним словом, отношение к земле меняется в сознании тех, кто намерен не просто получать с нее доход, но и вносить значительный вклад в обогащение

экономического потенциала своего региона.

На исходе лето, а это значит, что до начала уборочной кампании остаются считанные дни, если учесть, что некоторые культуры начинают собирать раньше всех. Разговор о том, как прошла посевная, какой хлеб нынче растет на полях, состоялся прямо на поле с руководителем отдела, курирующего сельское хозяйство в районе. Азамат Мирамович информировал о том, что в текущем году всего по району аграрным предприятиям предстоит убрать яровых культур с площади 244 тыс. га, приоритетной культурой по-прежнему остается пшеница, которая была посеяна на площади 160 тыс. га. При этом, следует добавить, что выращивание зерновых и масличных культур было и остаётся основой сельского хозяйства, от которого в первую очередь зависит развитие не только области, но и сельских территорий. На сегодняшний день агропромышленным комплексом района повсеместно ведется активная работа по подготовке уборке урожая.

В беседе было отмечено, что на слаженный и продуктивный темп всего спектра агротехнических работ,

несомненно, влияет оснащенность хорошей техникой, отвечающей всех современным техническим нормам. Отрадно, что с каждым годом аграрии района уделяют все больше внимания модернизации технопарка. Приобретают новую технику, которая отличается высокой производительностью, а значит, приносит реальную пользу хозяйству.

Определенная надежда на хороший урожай зерна сохраняется ввиду масштабного применения ресурсосберегающих технологий, борьбы с засоренностью, защиты растений от болезней и вредителей и применение минеральных удобрений. В текущем году химпрополка гербицидами против двудольных сорняков и овсюга была проведена в общей сложности на площади 180 тыс. гектаров. Также проведена работа по обработке пара, в 2 следа – 50 тыс. га или 100%.

Сфера сельского хозяйства – одна из наиболее затратных, в ней трудятся, несомненно, преданные своему делу профессионалы и трудолюбивые люди. Поэтому аграрии достойны лучших слов благодарности за слаженную работу, высокий профессионализм и неравнодушное отношение к работе.

Каждый день из жизни аграриев полон хлопот и забот. Необходимо максимально приложить необходимые усилия для получения хорошего урожая. И даже обильные осадки этого года надо расценивать как благодать и пользу, ведь в народе недаром говорят: «Много снега – много хлеба, много воды – много травы».

Так пожелаем району большого хлебного каравая, сочной травы, твердого колоса и всегда благоприятной погоды в период проведения важных работ!

А. АМАНЖОЛОВА.
На фото: поля ТОО «Журавлевка-1».

Площадь масличных культур составляет 41 тыс. га.
Кормовые культуры – 6,6 тыс. га (однолетние травы)
Картофель всего – 465 га.
Овощи всего – 10,5 га.
В настоящее время состояние посевов по фазам развития:
Зерновые культуры: 45% - цветение, 35% - молочная спелость, 20% - молочная восковая спелость
Масличные культуры: 85% - цветение, 15% - созревание.
На сегодня порядка 70% (это 135 тыс. га.) посевов зерновых находятся в хорошем состоянии, в удовлетворительном 30% (60 тыс. га).

Во время уборочной страды безопасность превыше всего

Уже совсем скоро аграрии района будут работать в полях с раннего утра и до поздней ночи. Сладкий запах спелой пшеницы, горячие дни и теплые ночи, наполненные грохотом комбайнов, горы золотого зерна - все это означает, что пришла жатва.

От себя пожелаю высоких урожаев, благополучной погоды, ответственных механизаторов, надёжной техники и, конечно, выполнять все требования пожарной безопасности, дабы не допустить большой беды!

Р. СОЛОНЕЦ, начальник отдела чрезвычайных ситуаций Буландынского района, полковник гражданской защиты.



10 тамыз - Абай күні

Абай шығармаларын жұртшылыққа таныту

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласы-

на ақыл-ойдың жемісін сыйлады», – деп дара перзенттің даналық орнын айқындап көрсеткен еді.

Расында ұлы ақын өз шығармаларында насихаттаған еңбексүйгіштік, білімге деген құштарлық, ізгілік пен парасатқа зейін қойып, тәрбие алу – бүгінгі күні алға қойған міндеттердің бірі. Хакім Абай айтқан ізгі құндылықтар өміршеңдігін жоймақ емес.

Абай адамзаттың Абайы. Оның терең пәлсапасы, мазмұнды һәм мағыналы қара сөздері, надан болмай, адам болуға шақыратын мәңгілік шығармалары, рухани мол мұрасы, классикалық әндері күллі адамзатқа ортақ.

Немістер Гетесімен, орыстар Пушкинімен мақтанады. Ал біз халқымызды өркениеттің өріне қарай жетелеген, қалың елдің Абайымен мақтана аламыз. Абай ешкімге ұқсамайтын болмысымен, асқан дарынымен әлемдік дәрежедегі дара тұлға болып қала бермек. Ол қазақтың қасиетті топырағы тудырған әлемнің перзенті.

Қазақ халқының ұлы ақыны өзінің әдеби және музыкалық шығармаларында, ойы терең және тілі өткір Қара сөздерінде еңбек пен білімге, рухани дамуға және сананы жаңғыртуға шақырған.

Абайдың гуманистік және ағартушылық мұраттарға ие прогрессивті көзқарастары бүгінде аса өзекті.

«Тек ақыл, ғылым, ерік, ар-ұждан адамды көтереді» - Абайдың осы және басқа да сөздері қанатты сөздерге

айналды.

Абай 170 астам өлең мен 56 аударманың авторы. Оның қаламынан бірнеше поэма мен «Қара сөздері» туған. Абай аудармаларының арқасында әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақ тілінде жарық көрді.

Еліміздің түпкір-түпкірінде аталып өтетін Абай күніне Бұланды ауданының Балалар музыка мектебінің ұстаздары өз үлесін қосып, Абай атамның шығармаларын орындау челленджіне қатысты. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, бойындағы өнерін әрі қарай кәсіби деңгейде дамытып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар бере білген Музыка мектебінің ұстаздары: Марат Қасымов, Елена Сухоставская, Назира Исабаева, Айгүл Тасанова.

Аталмыш іс-шара Абай шығармаларын жұртшылыққа таны-



ту, насихаттау, жастардың сөз өнеріне, ұлттық руханиятқа ықыласын арттыру мақсатында өткізілгені аян. Ақынның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығын ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылыққа айналдыруға үлес қосу. Себебі Абайдың ой-тұжырымдары әлі күнге өзектілігін жойған емес. Абай шығармашылығы – адамзатқа арналған рухани азық.

Жалпы Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибраттары мен өнегелері тек қазақ халқына ғана емес, әлемге үлгі.

А. АМАНЖОЛОВА.



Қоғамдық қабылдау қызметі жұмысын қорытындылады

«AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау қызметі партия жұмысының ең маңызды әрі жауапты бағыттарының біріне жатады. Қазіргі күні партияның барлық аудандық, қалалық, облыстық филиалдарында қоғамдық қабылдау бөлмелері үздіксіз жұмыс істеп тұр. Қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы жолға қойылып, ол билік пен бұқара арасында берік байланыстың алаңына айналды. Оған дәлел, биылғы жарты жылдықта партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің атқарған толайым жұмыстары.

Жалпы, Ақмола облысы бойынша жыл басынан бергі алты ай ішінде 4377 өтініш түсіп, қарау нәтижелері бойынша мәселелердің 65% оң шешілді. Қалған 35% бойынша түсініктемелер берілді. Өңіріміздегі

барлық қоғамдық қабылдау алаңдарында 1274 қабылдау өткізіліп, 4171 адам өз өтініштерімен жүгінген.

«AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Дархан Канафиннің айтуынша басты міндет өтінішпен келген азаматтардың мәселесін атқарушы билік және құқық қорғау органдарына жеткізе отырып, азаматтардың мәселесінің шешілуіне көмектесу. Кабинетімізге іздеп келген әр азаматтың мәселесі егжей-тегжейлі қарастырылып, зерттелуі керек. Сондықтан, әр филиал, әр бастауыш партия ұйымы азаматтардың күнделікті мәселелерін шешу процесіне белсенді түрде ат салысуы тиіс. Мәселен қоғамдық қабылдау бөлмелерінде апта сайын «Халыққа көмек» жобасы аясын-

да тақырыптық қабылдаулар өткізіледі, заңгерлер, нотариустар, адвокаттар мен медиаторлар азаматтарды жеке мәселесімен қабылдайды. Олардың қорытындысы бойынша қаншама азаматтарға ауыша тегін заңгерлік кеңес берілді, сот құжаттарын құрастыруға көмек жасалды, соттарда азаматтардың мүдделерін қорғау бойынша кеңестер берілді, - дейді Дархан Канафин.

Мәселен, есептік кезеңде «Заңгерлік көмек» партиялық жобасы аясында заңгерлер, нотариустар мен медиаторлар 126 қабылдау өткізіп, 398 азаматқа консультативтік көмек көрсеткенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, «Халыққа көмек» жобасы аясында 1148 тақырыптық қабылдау өтіп, 3773 өтініш қабылданып, 87 көшпелі қабылдауда 323 өтініш

қарастырылып, оның 173 пайызы оң шешілген. «Көшпелі қабылдау өткізіп, ауыл аймақтарға барып, мәселелерді шешу-бұл «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінің негізгі құралдарының бірі, ол халықпен белсенді өзара іс-қимыл жасауға және олардың қажеттіліктеріне жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Көшпелі қоғамдық қабылдаулар халықты тікелей тыңдауға, олардың нақты мәселелерін жазып алуға және нақты шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді. Көшпелі қоғамдық қабылдауларда депутаттар, жергілікті атқарушы билік органдары, әкімдік өкілдері бізбен бірге жүреді. Бұл әр мәселенің жедел шешілуіне ықпал ететіндігін дәлелдеді. Жұмыстың бұл форматы халық пен билік арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруға әсер

етеді», - дейді партияның облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Дархан Канафин.

Партияның аумақтық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмесі арқылы партия қатарына жаңа мүшелерді қабылдау тәжірибесі де бар. Мәселелерді шешуге жәрдемдескеннен кейін өтініш берушілер партияға кіруге ниет білдіреді. Мәселен, ағымдағы жылдың 6 айында партияға 162 азаматпартия мүшесі болып, қоғамдық қабылдау бөлмесі арқылы қабылданған. Халық пен билік арасында дәнекер бола білген партия тұрғындардың өтініштіліктерін шешу жолында одан әрі жұмысын жалғастыра бермекші.

«AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының баспасөз қызметі.

КӘСІБИ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР – ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ И СПОРТИВНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ

Строить, значит создавать

Про настоящих профессионалов говорят, что это те люди, которые чувствуют свою работу душой. Ведь когда человек на своем месте, когда свою работу он называет состоянием души, то можно только наслаждаться блестящими результатами его плодотворной деятельности.

Строительство – одна из самых сложных отраслей экономики, однако, на сегодняшний день мы наблюдаем значительные изменения в сфере, реализуемые грандиозные проекты, что говорит о созидательном направлении экономики. Одним из профессионалов строительной индустрии страны можно с уверенностью отметить нынешнего директора ТОО «Бота-2015» (маслозавод) Василия Ярославовича Боревича.

До того как дослужиться до звания профессионала Василий Ярославо-

вич прошел долгий путь, добиваясь всех жизненных целей благодаря упорному труду. Средне-специальное образование по специальности «Техник-эксплуатационник» получил в Целиноградском техникуме автомобильного транспорта. Позже обучился на бакалавра юриспруденции в Томском экономико-юридическом институте. Трудовой путь Василий Ярославович начал в 1981 году мастером участка Сельхозводоснабжения. С 1993 по 1995 годы проработал менеджером ТОО «Казэкспорт-тастик», с 1996 по 1999 гг. – заместителем директора ТОО «Логос», с 2000 по октябрь 2012 года – заместителем директора ТОО «Логос Трейд», с ноября 2012 по сентябрь 2016 г. – директором строительной фирмы ТОО «Ибис». С 2016 года по настоящее время занимает должность

директора ТОО «Бота-2015».

Василий Ярославович всю свою сознательную жизнь посвятил строительству. И каждый новый объект, строительство которого начиналось под его руководством, всегда сдавалось в сроки и в хорошем качестве. Как руководитель он умеет не только организовать хорошую команду, но и сам целиком и полностью «живет» проектом: знает каждую деталь, все тонкости, просчитывая все риски. Считает, что в строительстве нельзя экономить, оно не терпит халатного отношения, ведь здание или жилой дом должны быть не только красивыми снаружи, а в первую очередь, быть крепкими надежными.

В 2003 году Василий Ярославович руководил строительством ТОО «Бете-ге – У» в с. Жалтыр, в 2008 году сдал объект ТОО «Арша-2» в г. Кокшетау, в

2010 году в г. Макинске под его руководством был построен новый элеватор ТОО «ХПП Арна». Кстати, Василий Ярославович является первым директором ТОО «ХПП Арна».

По характеру Василий Ярославович спокойный, немногословный. Стареется излагать мысли по существу, ведь работа требует от него максимальной собранности, здравого ума и точного расчета. А в личной жизни это добрый семьянин, который очень любит и оберегает свою семью.

Во второе воскресенье августа Василий Ярославович отмечает профессиональный праздник – День строителя. Желаем ему крепкого здоровья, успехов в работе, новых интересных проектов и благополучия в семье. Пусть сфера строительства в стране развивается с каждым годом!

А. АМАНЖОЛОВА.



Спорт стирает границы и мотивирует на успех



Казахстан уделяет большое внимание развитию спорта среди лиц с ограниченными возможностями. Подтверждение тому - многочисленные достижения спортсменов-паралимпийцев. Растет число людей с ограниченными физическими возможностями, которые систематически занимаются физической культурой и спортом. Отрадно, что люди, несмотря на ограниченность физических возможностей и медицинские показания, проявляют огромную силу волю,

легкой атлетике, настольному теннису, армрестлинге, жиме лежа, плаванию, пулевой стрельбе, шахматах, асық ату и игре тоғыз-құмалақ.

Всего в спортивном мероприятии приняло участие более 600 спортсменов из 20 районов области, каждый из них смог продемонстрировать ловкость, силу и быстроту на спортивной арене. Участниками соревнований стали спортсмены трех

категорий – с нарушениями слуха, зрения и опорно-двигательного аппарата.

Честь Буландынского района защищали на уровне области и наши спортсмены. И не только принимали участие, а вернулись домой с победами.

Настоящий спортивный характер и волю проявил Игорь Романико, продемонстрировав отличную подготовку. Он завоевал золотую медаль в жиме штанги лежа и бронзовую медаль в армрестлинге. Активист движения людей с ограниченными возможностями Балкадиша Омарова завоевала золотую медаль в жиме штанги лежа и серебряную медаль в легкой атлетике. Землячка Мая Шакей также принесла в копилку сборной района золотую медаль по играм в шахматы. Серебряную медаль в пулевой стрельбе завоевал спортсмен Владимир Сенчев. Немного уступили в игре спортсменам из других районов еще трое буландынцев, от призового места их отделило лишь несколько очков. Турсунбай Кайрулин занял 4 место в легкой атлетике, Николай Жуков 4 место в пулевой стрельбе и Дмитрий Шанкин 4 место в армрестлинге.

Участники спартакиады вернулись домой воодушевленные хваткой и азартом, которая преобладала во время летних стартов. Ведь им представилась возможность не только показать свою готовность и волю к победе, но и обменяться полезным опытом,

познакомиться со спортсменами из других районов. Важно отметить, что данные соревнования открывают перед людьми с особыми потребностями новые перспективы для роста, совершенствования навыков, мотивируя на несомненный успех и победы.

А. АМАНЖОЛОВА.



Құрылысшылар күні - маңызды мереке

Тамыз айының екінші жексенбісінде Құрылысшылар күні атап өтіледі. Қай заманда болмасын құрылысшы мамандығы құрмет пен құрметке лайық. Құрылысшылардың арқасында қалалар көркейіп, халықтың тұрмысы жақсаруда. Олардың шебер қолдарымен тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері және басқа да өмірлік маңызы бар нысандар салынады. Құрылысшылардың еңбегі – жасампаздар еңбегі сияқты елдің ұлттық байлығы, әрбір азаматтың игілігі.

Құрылыс саласының барлық қызметкерлерін кәсіби мерекелері – Құрылысшылар күнімен құттықтаймыз, зор денсаулық, бақыт, бақ-береке және көтеріңкі көңіл-күй тілейміз! Жоспарларыңызды жүзеге асыруға және жаңа кәсіби биіктерді бағындыруға сәттілік!

* * *

День строителя – важная дата

Во второе воскресенье августа отмечается День строителя. Во все времена профессия строителя пользовалась почетом и уважением. Благодаря строителям хорошеют города, улучшаются условия жизни людей. Их умелыми руками возведены дома, школы, больницы, объекты культуры и другие жизненно важные объекты. Труд строителей, как труд созидателей, является национальным богатством страны и благом каждого гражданина.

Поздравляем всех, кто имеет отношение к сфере строительства, с профессиональным праздником - Днем строителя, желаем крепкого здоровья, счастья, благополучия и прекрасного настроения! Успехов в осуществлении планов и в покорении новых профессиональных высот!



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Ответы на актуальные вопросы

1. Расскажите, пожалуйста, подробнее о новых услугах ЕНПФ, оказываемых онлайн. Какие это услуги? Как ими воспользоваться?

ЕНПФ реализовал новые цифровые услуги, которые можно получить посредством личного кабинета на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗК/ЕНПФ.

Например:

- члены семьи умершего лица, имеющего пенсионные накопления могут теперь подать заявление на выплату пенсионных накоплений умершего лица (на погребение);

- вкладчики ЕНПФ могут предоставить согласие на сбор и обработку персональных данных, а также в одном разделе сформировать справки о наличии счетов, справки по ОППВ, справки-подтверждения возврата 50% пенсионных накоплений. Представим новшества по порядку.

Заявление на выплату пенсионных накоплений в связи со смертью лица, имеющего пенсионные накопления (на погребение).

Пенсионные накопления являются собственностью вкладчика или получателя. Соответственно, они наследуются. Но еще до вступления в права наследования членам семьи вкладчика/получателя производится единовременная выплата на погребение за счет средств пенсионных накоплений умершего лица в пределах размера 94-кратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) средств умершего лица.

В связи с вводом нового сервиса процедура подачи заявления на получение положенной суммы на погребение в тяжелых для семьи обстоятельствах возможна теперь и в онлайн-формате. Для этого близким родственникам умершего необходимо в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении в разделе «Услуги» выбрать вкладку «Подача заявления на выплату в связи со смертью получателя (на погребение)». Далее в открывшемся окне необходимо ввести ИИН умершего лица, где пройдет проверка на наличие в информационной системе государственного органа (ИС ГО) сведений о смерти и процедура подтверждения родственных связей. Если в ИС ГО отсутствуют сведения о смерти физического лица – выйдете соответствующее уведомление. Если факт смерти подтвердится – осуществится проверка на наличие родственных связей. В случае подтверждения, произойдет переход к следующему этапу – введению банковских реквизи-

тов получателя. После заполнения необходимо проверить верность указанных банковских реквизитов, нажав на кнопку «проверить» и подписать электронной цифровой подписью (ЭЦП).

При использовании мобильного приложения, заявление необходимо подписать посредством ЭЦП через приложение «eGOVmobile».

В случае отсутствия в ИС ГО сведений о родственных связях обратившегося лица за выплатой на погребение с умершим лицом, заявителю необходимо обратиться с подтверждающими документами в любой офис ЕНПФ.

При этом перечень документов для оформления выплаты на погребение размещен на сайте enpf.kz в соответствующем разделе «Услуги/Получателям».

Предоставление ЕНПФ согласия на сбор и обработку персональных данных.

При оказании услуг, предусмотренных законодательством, ЕНПФ производит обмен информацией с информационными системами (базами данных) организаций, к которым относятся государственные органы и (или) государственные юридические лица. При этом данные вкладчиков НЕ передаются частным либо другим юридическим лицам.

Прежде чем получить услугу от ЕНПФ, вкладчик (получатель) / доверенное лицо / законный представитель в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» подтверждает согласие на сбор и обработку своих личных данных. В целях улучшения качества и оперативности предоставляемых услуг, а также безопасности и конфиденциальности информации ЕНПФ ввел новый сервис для вкладчиков - предоставление согласия на сбор и обработку своих персональных данных в специальном разделе личного кабинета на сайте либо в мобильном приложении.

Для этого в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗК/ЕНПФ в разделе «Услуги» необходимо выбрать вкладку «Подача согласия на сбор и обработку персональных данных». Если ранее заявителем уже было подано и подписано такое согласие, выйдете соответствующее уведомление. В противном случае (если вкладчик ранее не подписывал согласие на сбор и обработку персональных данных) откроется окно уведомления Закона РК «О персональных данных и их защите». Далее нажав кнопку «Ознакомлен», произойдет переход к окну согласия, где необходимо будет заполнить графу «мобильный номер» и прописать SMS код, который придет на указанный номер.

Еще одна услуга, ставшая доступной для вкладчиков ЕНПФ как на сайте, так и в мобильном приложении, это получение

справок в одном разделе. Водном окошке теперь можно получить сведения о наличии всех действующих пенсионных счетов, справки о количестве месяцев, за которые уплачены обязательные профессиональные пенсионные взносы. Кроме того, вкладчики ОПВ, которые ранее были военнослужащими и у которых были возвращены 50% ОПВ, могут получить справку-подтверждение об осуществленном возврате.

Чтобы воспользоваться этим сервисом, необходимо также авторизоваться в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ и в разделе «Услуги» выбрать соответствующее окно.

Таким образом, расширяется линейка услуг ЕНПФ, которыми можно воспользоваться оперативно в онлайн-формате, не выходя из дома или офиса в режиме 24/7.

2. За каких работников работодатели освобождаются от уплаты обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР)?

Согласно нормам Социального кодекса от уплаты ОПВР в ЕНПФ освобождаются работодатели за:

- лиц, родившихся до 1 января 1975 года;

- лиц, достигших пенсионного возраста в соответствии с Социальным кодексом;

- лиц с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно;

- военнослужащих (кроме военнослужащих срочной службы), сотрудников специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдъегерской службы, а также лиц, права которых имеют специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упряднены с 1 января 2012 года;

- получателей пенсионных выплат за выслугу лет;

- судей Конституционного Суда Республики Казахстан, полномочия которых прекращены в связи с истечением установленного Конституцией Республики Казахстан срока пребывания в должности, получающих ежемесячное пожизненное содержание, судей в отставке, получающих ежемесячное денежное содержание.

